

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНЫҢ ОҢТҮСТІК ӨНІРІН ОЙРАНДАУЫ

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақ әсері оңтүстігіндегі саяси жағдай күрделі болды. Мұнда Хиуа, Бұқара және Қоқан хандықтары мүдделері қақтығысқа түсті. XIX ғасыр басына қарай күшейген Қоқан хандығының мақсаты Оңтүстікті Қазақ Елін жаулап алып, Ресей мен Орта Азиядағы керуен жолдарына бекіністер салып бақылау орнату мүмкіндігін қолдарына кіргізу болатын.

Қоқан хандығының XVIII ғасырдың 2-жартысында, яғни Нарбота бидің кезінде кемелденген уақыты болды. Ол Қоқанды бірнеше жыл басқарған Әбдүлқарім бидің 1740-1760 басқарған ханның немересі, 1800 жылы қайтыс болғаннан кейін, оның баласы Әлім Нарботаұлы таққа отырды. Әлім 1800-1809 жылдары қоқанның ханы болды. Дәл осы жылдары Әлім Ташкент, Шымкент, Ходжент және Сайрамды басып алды. Хандық мемлекет деңгейіне көтеріле бастап, кімді болса да қызықтыра бастады. Әлім Нарботаұлы қаталдығымен қарапайым елдің еңсесін түсірген жайсыздығын көрген Жанкісі (1772-1849) жырау әрі би Сыр бойына келіп халықтың езгісін көріп «Қоқан ханына айтқаны» толғауында:

«Келі түбім» деп алады,
«Кеусенім» деп алады,
«Отыра зекет» деп алады,
«Құшпақ зекет» деп алады.
Арқадан келген сор найман,
Ат-таң болып қалады,
Айтайын десен ұрады
Жүрексініп отырмын

Айтар сөзім көп еді. (Ай, заман-ай, заман-ай... 2 томдық, - Алматы, 1991. Т.1. - 384 бет, 177-бет) - Кейін Омар ханның ел арасынан қолдаушылардың ұйымдастыруымен ағасы Әлім ханды жақтастарымен қапияда өлтіріп, 1809 жылдан 1822 жылға дейін Қоқан хандығын билейді.

Омар хан Түркістан қаласы мен қазіргі Оңтүстік аймағының бірқанша елді мекенін өзіне қаратты, әсіресе Сыр бойы өлкесіндегі Жаңақорған, Қамысқорған, Ақмешіт, Қосқорған елді мекендерге бекіністер құрдырады. Омар хан тегі жағынан мыңжүзге жағатай қазақтың шежіресі бойынша Майқы биден; Бақтияр, Қанды, Қырықжүз, Мыңжүз рулары тарайды. Бұл рулар тайпа ретінде Дешті Қыпшақтан Мауереннахрға ХУ ғасырдың соңында көшіп келген. Қоқан хандары өздерін Шыңғыс ханның ұрпағымыз деп таниды.

Омар хан Ресеймен байланысты жақсарту мақсатында Орынборға баратын жолда Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) бекінісін салдырды. Кейін оны (Ақмешітті) талқандаған В.А.Перовский (1794-1857) 1833-1842 және 1851-1857 жылдары Орынбор әскери губернаторы болған. Патша өкіметінің Шығыстағы отарлау саясатын өнімді жүргізген сенімді өкілі. Оған тек қазақтар емес Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдерімен тікелей жеке өзі шеше беруіне келісім берілгендігін Орынбор қазақтарын қазақ жерінің шұрайлы өлкелерін жергілікті халықтардан тартып алып беріп отырғандығы дәлел. 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы, 1850 жылдардағы Сырдария жағалауындағы қазақтардың патша өкіметіне қарсы көтерілістерді аярылқпен басып отырған.

«Орынбор әскери губернаторы граф Сухателен: «Қазақтар еш уақытта да астық екпеулері керек, ешбір ғылым түгіл, тіпті бірде-бір кәсіп білмей, өмірбақи мал бағып қана көшіп жүрулерін бар жан-тәніммен тілер едім» - деген, ал, Перовский: «...қазақтар өздері екеннен гөрі, астықты бізден сатып алып, Россияға байлаулы бұзаудай тырп ете алмасын»



(Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. - Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. - 584 с., 541-бет.) Жазушы айтып отырған Сухтелен Павел Петрович (1788-1833) 1830 жылы Орынбор әскери губернаторы және Орынбор корпусының бас қолбасшысы болып тағайындалған. Ол негізінен қазақ пен башқұрт ұлттарының тағдырын шешіп отырған. Жадид мектептер ашып болаларды оқытуға, сонымен қатар қыздарды оқытуға мән беру арқылы шоқындыруды қолға алған. Қоқан хандығының бекінісі болып тұрған Ақмешітті 1853 жылы өзіне қаратуының құрметіне Ақмешіт Перовскийдің есімімен біраз уақыт аталды.

Омар хан туралы және Оңтүстік қазақтары «Шаһнама» («Тарихи Әмір Омархани») Қоқан билеушісі Әлім ханның Ташкентті қазақтардан тартып алуы және Омардың Қоқан ханы болып отыруынан бастап, Мұхаммед Әлидің (Мәделі) Қоқан ханы болып келгенге дейінгі аралық қамтылған. Сонымен қатар «Шаһнамада» (авторы Мырза Қаландар Исфарани. әдеби лақап есімі Мұшриф. Парсы тілінен алынған «мұшриф» сөзі «бақылаушы» дегенді білдіреді.) Қоқан хандығының қазақ пен қырғыз елдеріне жорығы баяндалады.

1812 жылы Ресейге өз елшісін жіберді оның нәтижесі 1813 жылы орыс этнограф, тілмашы әрі елші Филипп Назаров (1785- ө.ж.б.) императордың жарлығымен Қоқанға Созақ, Түркістан, Шымкент қалалары арқылы барады. Оның 1814 жылдарға созылған саяхаты барысында қазақ, қарақалпақ, өзбек тағы да басқа халықтардың тұрмыс тіршілігімен танысып, өзі жинаған құнды деректермен қатар 1814 жылы 15 қазанда 5 қазақ, 3 орысты тұтқыннан құтқарғандығы жөнінде «Ерекше Сібір корпусының аудармашысы, 1813-1814 ж. Қоқанға жіберілген Филипп Назаровтың Азияның орталық бөлігінің халқы және жері туралы жазғандары» атты естелігін 1821 жылы Санкт-Петербургте граф П.П.Румянцевтің қолдауымен кітап етіп шығарылды. Бұл кітапта қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, билер басқаруы, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де үзінділер кездеседі.

Омар ханның баласы Мұхаммед Әли (Мәделі) 1822-1842 жылдар арасында билікке Омар хан қайтыс болғаннан кейін таққа отырған. Мұхаммед Әли (Мәделі) хан хандық дәуірінде кең аймақты өзіне қаратуға тырысып бақты.

1821 жылы Әулиеата, Түркістан, Қазалы (Қызылорда), Сайрам, Шымкент қазақтарының басын қосқан Тентек төре батыр бастаған қазақ көтерілісшілері Шымкент пен Сайрамды басып алып Қоқан ханының бірнеше қамалдарын қоршап тұрғанымен қазақ шаруаларының

қолдарында қару жарактарының мардымсыздығы қолбайлау болып, халық наразылығынан жоспарланбаған көтерілісті Қоқан хандығы оңай қолға түсіріп, бейкүнә жандардың қанын судай шашты. Бұл көрініс Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романының бірінші бөлімінде: «Мәделіханның әкесі Омархан кезінде де ауыр салық, орынсыз қиянатқа көнгісі келмеген Сыр, Сарысу, Шу бойының қазақтары сан рет бас көтеріп ереуілге шыққан. Соның ең үлкені Тентек төре атты кісі басқарған көтеріліс болды. Оған екі мың атты сарбаз жинап алып, Қоқан ханның қарамағына енетін бірнеше қалаларды алған. Тентек төре Сайрамды босатып, сол жерге туын тіккен. Сайрамға Шымкент, Әулиеата қалалары қосылған. Бұларға қарсы Омар хан қалың қол шығарған. Тентек төре әскерін екіге бөліп, Сайрам мен Шымкентке бекініп алып ұзақ соғысқан. Ақырында азық-түліктері таусылып, амалсыз қарсыласуларын доғарған. Омархан лашкерлері жеңілген елді қанға бояп, мал-мүліктерін талап, ойына келгендерін істеп, екі жүзге таяу адамды дарға тартқан. Сайрам жерін қан сасытқан» - дегені көп мәселенің басын ашып тұрғанын көруге болады.

Қоқан хандығы 1829 жылы Қытай билігіне қарсы Қашқарды өзіне қарату мақсатында бірнеше рет шабуылдаған, оны Қытай және Шығыс Түркістан мұсылмандары қолдап көтерілді, бұлардың негізін ұйғыр ұлты құрады. Көтеріліс нәтижесіз аяқталғаннан кейін 70 мыңдай ұйғырлар Мұхаммед Әли (Мәделі) хан әскерімен бірге келіп Орталық Азия және Түркістан аймағына жайғасқан.

Бұхара мен Қоқан арасындағы 1840 жылғы соғыс Мұхаммед Әли (Мәделі) ханның жеңілісімен аяқталады. Соңында Қоқан хандығының басына 1842 жылдан Нарбота бидің інісі Шералы хан болып 1845 жылға дейін биледі. Шералы ханның билікке келуіне қыпшақтар ықпал етті. Қыпшақтардың басшысы әрі ақсақалы Мұсылманқұл (1852 жылы қайтыс болған) Қоқан хандығының бас қолбасшысы болып тағайындалады. Хандықтың ең мұқтаж қажетті қызметтерге қыпшақ жігіттерін қойды. Шералы хан болып тұрғанмен билік Мұсылманқұлдың қолында болды.

1845 жылы Мұсылманқұлдың Оштағы қырғыздар көтерілісін басуға кеткенін пайдаланған өзбектер мен Алай жотасы аңғарындағы қырғыздармен бірігіп, Шералы ханның орнына Әлім ханның баласы Мұратханды отырғызды, бірақ, ол 7-ақ күн хан тағында отырды. Бұхара хандығы жағынан қолдауға ие болған Мұратхан өзін Бұхара хандығының орынбасарымен деп таныстырды. Мұнымен хабардар болған Мұсылманқұл тез арада қыпшақтардан қол жинап, қоқанға қарай

бет алды және Мұратханды өлтіріп таққа Шералы ханның баласы Құдияр хан отырғызылып Қоқан хандығын 1845 жылдан 1875 жылға дейін биледі. Құдияр хан Қоқан хандығының соңы болды. Ресей патшасы Ташкентті 1865 жылы өзіне қаратқаннан кейін Қоқан хандығын мейлінше жуасып қалды. 1868 жылы Ресейге бағынышты болды. Мұсылманқұл бүкіл билікті өз қолына екінші рет тағы алды.

Жас Құдиярдың хан тағына отыруына қыпшақтардың басшысы Мұсылманқұлдың көмегімен келіп, одан кейін де екі рет билікке келген. Құдияр Мұсылманқұлды астыртын көз жою мақсатында қастандық ойлауы қыпшақтардың үстем болып кетуінен қорқты сонда да болса, Мұсылманқұл оған жамандық ойлаған жоқ.

1858 жылы Әулиеата маңындағы көтеріліске Шу бойы, Жөлөк (Шиелі ауданы, «Жол жиек» болуы мүмкін), Шымкент, Түркістан, Арыс, Мерке, Сайрам, Шолаққорған, Жаңақорған тағы да басқа елді мекен тұрғындары үре түрегеліп Қоқан езгісіне қарсы шықты. Қазақ манаптары көтерілістің одан әрі өрлеуінен қорқып, Қоқан бектерімен келісімге 1858 жылы шілдеде, беделді ру ақсақалдарының бірі Қанай датқаны Қоқан хандығына келісімге жібергенмен нәтиже шықпады. Оны қазақ ақыны Мәделі Жүсіпқожаұлы

Қара ағашты Ташкенттен
Мырзаби деген бек шықты.
Қатын менен қызыңнан
Зекет бергін деп шықты.
Адамға тән ар-ұят,
Бектерінде қалмады-ай.
Біз білмейтін болмаса,
Шарифатта бар ма еді,
Қыздан зекет алмақ-ай? -

Бұл қазақтардағы би ұғымымен сәйкес келеді. «Датқа сөзі» парсы-тәжік тілдерінде «әділетті іздеуші» деген мағынаны береді. Қоқан хандығы «һудайчи», («сұдайышы» болуы керек) - «басқару», «жол көрсетуші» олар «оң қол һудайшы», «сол қол һудайшы» деп бөлінген, сонына қарағанда оң һудайшының мансабы биіктеу болған. ұдайышы басқа хан қызметшілерден ерекше болып тұру үшін қолдарына таяқ ұстаған. Сәкен Сейфуллиннің сөнге таяқпен жүрісін еске түсіреді ханның алдына жұмыспен яки өтінішпен келгенде туралы хабар беріп, хан жауабын өтініш иелеріне жеткізуші ең жақын сенімді қызметкер. Ташкент билеушісінің екі көмекшісі: бірінші, салық жинаумен және азаматтық істермен; екінші, әскери іс және көшпенділер мәселесімен айналысты. Оң қол, сол қол басқарушылар осы мазмұнда болған деуге болады.

Қорыта келе айтарымыз, Ташкентті билеп отырған Мырзахметтің қатыгездігі мен қыспағынан әбден титықтап, төзімі шегіне жеткен қазақтар оған бағынудан бас тартты Оның үстіне қазақтың бірнеше қадірмен биін жазықсыз дарға асқан еді. Мырзахмет жергілікті тұрғындарға зорлық-зомбылық жасады, оның дала халқына жасаған өктемдігіне ешқандай шектеу болмады өзі би өзі қожа болды. Ташкент бегі Мырзахмет Қоқан хандығынан көмек сұрап көтерілісті басып тастады.

1876 жылы Қоқан Ресейдің қол астына біржолата өтті. Орыстар Қоқандықтардың жергілікті халықпен бірігіп Жетісу мен Ұлытауға өтіп кетуінен қорқып Жетісу өңіріне бекіністер салып отырды. Алматының орнына 1853 жылы салынған Верный бекінісі соның жемісі.

Сейдалы ОРАЗАЛИЕВ
Мұхтар Әуезов атындағы ОҚМУ
Абайтану ғылыми-оқу орталығының қызметкері.